



KAZAKH ABLAI KHAN UNIVERSITY
OF INTERNATIONAL RELATIONS AND
WORLD LANGUAGES

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ

“Жаһандық тұрақты даму және қауіпсіздік мәселесі”

Дипломшы: Халықаралық қатынастар факультетінің 4-курс студенті – Фазылжан Д.

Ғылыми жетекші: Философия ғылымдарының докторы, профессор – Булекбаев С. Б.

КІРІСПЕ

- Диплом жұмысы тұрақты дамудың және қауіпсіздік мәселесінің жаһандық және аймақтық аспектілеріне талдау жасауға бағытталған. Қауіпсіздік мәселесі өте ауқымды болғандықтан, дипломдық жұмыста ғаламдық ядролық қауіпсіздікке және осы саладағы Қазақстан Республикасының рөліне ерекше назар аударылды.



ӨЗЕКТІЛІГІ

- ХХ ғасырдың екінші жартысында әлем алдында өркениеттің барша дамуының түбегейлі өзгеруі қажеттілігінен туатын мүлде жаңа ғаламдық міндет пайда болды. Адамдардың әл-ауқаты тәуелді экономикалық даму мүмкіндіктері табиғи ресурстарды пайдалану есебінен өз шегіне жетті. Халықаралық қақтығыстар көбейе түсті. Қауіпсіздік мәселесі халықаралық ұйымдардың санын арттыра түсті. Әлем экологиялық жүйелердің құлдырауымен қатар, энергетикалық ресурстардың, судың, азық-түлік тапшылығының күшеюімен, сауатсыздықпен, аурулармен, тереңдеп отырған кедейшілік қиындықтарымен бетпе-бет келді. Ғалымдардың ойынша, өркениет дамудың жүйелі дағдарысы кезеңіне аяқ басты.



ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

- Қазіргі кездегі Қазақстан қоғамының экономикалық тұрақты даму нәтижесінде орнығатын материалдық және ахлақтық саламатты ортада өмір сүруіне, рухани және сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ болашақ ұрпаққа да осындай мүмкіндік беретін адаммен табиғат арақатынасы қағидаларын, мемлекетаралық бейбітшілік принциптерін айқындау және бұларға қатысты Қазақстанның ахуалын, атқарып отырған шаралары мен саясатын ашып көрсету болып табылады.



ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ

- Адамзаттың экологиялық және әлеуметтік тұрақтылығын негіздеу және тұрақты дамудың экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштерін айқындау;
- Өркениеттер дамуының олардың экономикасын құрайтын табиғат ресурстарының «өзегі» және адамның өзінің дамып жетілуі арасындағы байланысын анықтау;
- Қазақстан Республикасының тұрақты даму жолындағы басты принциптерін айқындау;
- Халықаралық қауіпсіздік саласының қазіргі таңдағы қиыншылықтар мен дағдарысқа ұшырауының себеп-салдарына сараптама жасау;
- Ядролық қауіпсіздік жүйесіндегі Иран бағдарламасының алғышарттарын және орын алған оқиғаларға талдау жасап, келешекте ықтимал қауіп-қатерлерді анықтау;
- Қазақстан Республикасының ядролық қауіпсіздік саласындағы үлесіне сараптама жасау



ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҒЫ

- Халықаралық қатынастарда экономикалық және әлеуметтік тұрақты дамудың пайда болуы объективті процесс болып табылады
- Қазіргі таңда адамның өзінің дамып жетілу мен табиғат ресурстарының «өзегі» арасындағы байланысы мен үрдістерін бір-бірінен бөлек алып зерттеуге келмейді
- Қазақстан Республикасының тұрақты даму саласындағы принциптері мемлекеттің жаңа деңгейде даму үрдісін алуына орасан зор ықпалын тигізді.
- Халықаралық қауіпсіздік жүйесінің дағдарысқа ұшырауы, жүйенің құрылымын және жұмыс сапасын прагматизм қағидаларымен жаңғыртуды және алға басуды қажет етеді.
- Иран Ислам Республикасының ядролық бағдарламасы мүдделерінен төнетін қауіп-қатерлерден әлемді қорғау үшін халықаралық ұйымдар өз жұмысын жаңа серпінмен жүзеге асырып отыр;
- Қазақстан ядролық қауіпсіздік саласындағы жаңа үрдістерді ескеруі тиіс.



ҚОРҒАУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМДАР

- Экономикалық және әлеуметтік тұрақты даму әр қашан да халықаралық қатынастармен тығыз байланысты болған және қазіргі күнге дейін бұл қатынастар сақталуда
- Адам дамуы мен табиғат арасындағы байланыс «өзегі» халықаралық қатынастардың әр бір акторы үшін маңызды құрал болып табылады.
- Орнықты даму тұрғысынан Қазақстан Республикасының көрсеткіштеріне қарап, әр мемлекет өзінің даму үлгісін өзі қалыптастырады деген тұжырым жасауға болады.
- Халықаралық қауіпсіздіктің дағдарысқа ұшырауы халықаралық ұйымдардың орын алғалы тұрған қақтығыстың немесе соғыстың алдын алу шараларының әлсіздігінен.
- Иран ядролық бағдарламасының мәселесі күні бүгінге дейін шешілмеген себебі, Иран Ислам Республикасының ықпалды, қуатты серіктестерінің болуынан.
- Қазақстанның антиядролық саясатын ынталандыру үшін әлемдегі ықпалдастықтың жаңа жолдарын қарастыруы тиіс.



ҚОРЫТА КЕЛГЕНДЕ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ:

- Экономикалық және әлеуметтік тұрақты даму әрқашан халықаралық қатынастармен тығыз байланысты болған және қазіргі күнге дейін бұл қатынастар сақталып отырғаны;
- Адам дамуы мен табиғат арасындағы байланыс «өзегі» халықаралық қатынастардың әр бір акторы үшін маңызды құрал болып табылатыны;
- Орнықты даму тұрғысынан Қазақстан Республикасының көрсеткіштеріне қарап, әр мемлекет өзінің даму үлгісін өзі қалыптастырады деген тұжырымның растығы;
- Халықаралық қауіпсіздіктің дағдарысқа ұшырауы халықаралық ұйымдардың орын алғалы тұрған қақтығыстың немесе соғыстың алдын алу шараларының әлсіздігінен болатыны;
- Иран ядролық бағдарламасының мәселесі күні бүгінге дейін шешілмегенін себебі Иран Ислам Республикасының ықпалды, қуатты серіктестерінің болуынан екені;
- Қазақстанның антиядролық саясатын ынталандыру үшін әлемдегі ықпалдастықтың жаңа жолдарын қарастыруы тиіс екені анықталды.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

